

Кітапхана – ұлттық рухани орын

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің
кәсіби мерекесі аталып өтілді

Қазақстанда 2013 жылының қараша айындағы Республика Президентінің Жарлығына сәйкес 21 мамыр «Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні» деп белгіленді.

Осынау қиын уақытта мәдениет және өнер қызметкерлер өз жұмысын атқаруда. Рухани байлықты дамытуда және мәдени дәстүрлердің дамуы мен сақталуы ісіне қосқан мәдениет саласы қызметкерлерінің үлесі орасан зор.

Әр халықтың дүниетанымы, рухани байлығы, тыныс-тіршілігі, салт дәстүрлері дәл осы мәдениет деген асыл ұғыммен астасып жатыр. Елдің мәдениеті мықты болса, сол елдің еңсесі де биік, рухы да жоғары болады.

Бұл – қалам сертін қалтқысыз атқарып жүрген ақын-жазушылардың, өнер мен тарих тағылымымен таныстыратын мұражай қызметкерлерінің, білім бұлағын сусындатуда көмегін аямайтын кітапханашылардың, өңіріміздегі мәдениет ошақтарында қызмет етіп жүрген өзге де мамандардың еңбегін елеп, алғыс айтатын кәсіби мереке.

Әрине осы орайда, кітапханалардың жұмысы туралы тоқталып айта кеткім келеді. Кітапхана – бұл күнделікті өмір. Бұл әлемге және оқиғаларға апаратын есік. Мұнда біз сөз шеберлерімен кездесеміз. Кітапхана – рухани демалып, бұрын соңды білмегеніңді танитын керемет жер.

Ауданымыздың 24 кітапханасының карантин кезінде оқырмандар үшін қызмет етуі тоқтатылды. Бірақ «Мендіқара орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік мекемесі әлеуметтік желілер арқылы оқырмандармен өз байланысын үзген емес. Бастапқыда өте қиын болды. Әр кітапхана қызметкерінің көкейінде туындаған сұрақ: Әріқарай қалай жұмыс істейміз? Алайда ақырында мекеме сайты, әлеуметтік

желілердегі парақшалары арқылы жұмысымыз онлайн форматына ауысып, қазіргі таңда жүйелі түрде атқарылып келеді.

2020 жыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы тойлануына орай, кітапхана «Абай оқулары» челленджін өткізді.

Ұлы Жеңістің 75-жылдығына орай, «Поклонимся великим тем годам» тегогу-дайвингі өтті.

Ұлттық мәдени мұраны дәріптеу, насихаттау мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында биылғы жылы «Едіге батыр» эпосы «Бабалар сөзі» кітабы бойынша «Тұлпар мініп, ту алған» байқауы өтуде.

Ағымдағы жылдың ақпан - сәуір айлар аралығында орталық аудандық модельдік кітапхана «Смотрите, что читает Мендықара!» book-челленджін өткізді.

Сәуір айында қазіргі заманның ахуалына қарамастан орталық аудандық модельдік кітапханасы оқырмандардың кең ауқымына арналған «Рухани білімінің қайнар бұлағы» атты кітапханалық ақшамы өтті.

Карантиндік шектеулер кезеңінде онлайн форматта ерекше белсенді жұмыс атқарған, Соснов, Ломонос, Архипов, Степанов, Алешин, Введен ауылдық кітапханалар. Олар қазіргі күнге дейін еңбек етуде.

Жалпы кітапхананың онлайн қызметі бойынша болашақта да көптеген жұмыс атқарылмақ. Кітапхананың биыл атқаратын іс-шараларының бір мақалада айтып беру мүмкін емес.

Құрметті мәдениет және өнер қызметкерлері сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, сіздердің отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге таусылмас табыс тілейміз! Мерейлеріңіз үстем, мәртебелеріңіз биік болсын!

Н. ҚУАНЫШЕВА,
әдістемелік-
библиографиялық жұмыс
бөлімінің әдіскері